**Бекітемін________** **Қазақ тілінен факультатив – №1 сабақ**

**Қысқа мерзімді жоспар**
**Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі**

| | |
|---|---|
| Бөлім: | 4-бөлім. Синтаксис |
| Педагогтің аты-жөні: | Утебаева Дина Айтмұхамбетқызы |
| Күні: | 05.04.2024 ж. |
| Сыныбы: 7 «Е» | Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: | Сөзжасам. Сөз тіркесі. Сөздердің байланысу түрлері |
| Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты | Сөзжасам, сөз тіркесі туралы білімдерін кеңейту, сөздердің байланысу түрлерін түсіндіру, оларды сөйлеуде қолдана білуді үйрету. |
| Сабақтың мақсаты: | - сөз тіркесі туралы білімдері кеңейеді;<br>- сөздердің байланысу түрлерін меңгеріп, оларды ажыратады;<br>- сөздердің байланысу түрлерін орынды қолданады. |
| Құндылықтарға баулу: | - ұлттық мүдде құндылығы: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;<br>- ар-ұят құндылығы: әдеп нормаларын ұстану;<br>- талап құндылығы: білуге, жаңаны тануға құштар болу. |

Сабақтың барысы:

| Сабақ кезеңі/Уақыты | Педагогтің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| Сабақтың басы Қызығушылықты ояту 7 мин. | Ұйымдастыру кезеңі:<br>Оқушылардың бір-біріне жақсы тілек айту арқылы жағымды ахуал қалыптастыру.<br>Мақсаты: оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру.<br>Тиімділігі: оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл күйін көтереді, бауырмалдығын оятады. | | | |
| Жаңа сабаққа кіріспе | Өткен тақырыппен жаңа сабақты байланыстыру мақсатында ой қозғау сұрақтарын ұжымдық талқылау.<br>1. Фонетика дегеніміз не?<br>2. Морфология нені зерттейді?<br>3. Сөз таптарын ата<br>4. Сөз тіркесі туралы не білеміз?<br>5. Сөздердің байланысу түрлерін ата. | Жаңа тақырыптар бойынша сұрақтарға жауап береді. Өз ойымен бөліседі. | Жарайсың! Керемет! Тамаша! , - деген мадақтау сөздері арқылы ынталандырады | Жұмыс дәптерлері, тақта, фишкалар, тапсырмалар |
| Сабақтың ортасы Мағынаны ашу. | Сөз тіркесі болу үшін сөздер белгілі бір заңдылықпен байланысады.<br>Қазақ тілінде сөздердің байланысуының бес түрі бар.<br>1) Қиысу – сөз бен сөздің жіктік жалғауы арқылы байланысқан түрі. Мысалы: мен оқимын, олар келеді.<br>2) Матасу – сөз бен сөздің ілік септік жалғауы мен тәуелдік жалғауы арқылы байланысуы. Мысалы: Алматтың үйі, менің жолдасым.<br>3) Меңгеру – сөз бен сөздің барыс, табыс, жатыс, шығыс және көмектес септік жалғаулары арқылы байланысқан түрі. Мысалы: балаға мейірімді, тауда жолығу.<br>4) Қабысу – сөзқ бен сөздің ешбір жалғаусыз, тек орын тәртібі арқылы іргелес байланысқан түрі. Мысалы: кең бөлме, тоғызыншы сынып.<br>5) Жанасу – сөз бен сөздің ешбір жалңкаусыз кейде алшақ, кейде іргелес тұрып байлансуы. Мысалы: үйге дейін бару, телефонмен сөйлесу. | Жаңа тақырыпқа байланысты негізгі ұғымдарды дәптерге жазып алады.<br>*Білуге, жаңаны тануға құштарлығы артады.* | Дескриптор:<br>Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға қатысқаны үшін оқушыларды «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру | Үлестірмелер |

Scanned with CamScanner

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 1-тапсырма.<br>Сөз тіркесін байланысу тәсілі мен түрлеріне қарай ажыратыңыз<br>Өнерлеріне разы, үлкеннің ақылы, жаңалық хабар, жүк тиеу, еңбек өнімділігі, үшінші белес, алыстан көріну, халыққас сену, сықырлаған аяз, селк етіп ояну, өзіміздің тракторшы, мұқият тексеру, сәл аялдау, мектепте болу, алғашқы айлар, жинақталған тәжірибе, халықтың еңбегі, екі дос, біздің феерма, таудай талап, гүлденген ауыл, темір жол, баяу жел.<br>2-тапсырма<br>*Мәтіннің мағынасын түсініп оқы.*<br>*Мәтін ішінен сөз тіркестерін жасап,байланысу түрін анықта.*<br>Естілген сөзді ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі-көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші-сол нәрсені көргенде, я естігенде ғибратлану керек, көңілденіп, тұңшығып, ынтамен ұғу керек. Үшінші-сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек. Төртінші-ой кеселді нәрселерден қашық болу керек.<br>3-тапсырма<br>Әр қатар ішінде қиысу, матасу, меңгеру, қабысу, жанасулары бар бес - бестен мақал - мәтел айту.<br>1. Тіл тас жарады, тас жармаса... (бас жарады). 2. Бал тамған тілден... (у тамған).<br>3. Тауды, тасты жел бұзар, адамзатты... (сөз бұзар).<br>4. Жақсы сөз -... (жарым ырыс)<br>5. Қаһарлы сөз... (қамал бұзар)<br>6. Шебердің қолы ортақ, шешеннің... (тілі ортақ).<br>7. Жақсы байқап сөйлер, жаман... (шайқап сөйлер).<br>8. Бас кеспек болса да,... (тіл кеспек жоқ).<br>9. Дәлелсіз сөз... (желмен тең).<br>10. Тіл қылыштан... (өткір).<br>11. Піл көтермегенді,... (тіл көтереді).<br>12. Тілден артық... (қазына жоқ).<br>13. Ана сүті бой өсіреді, Ана тілі... (ой өсіреді). 14. Жыланның уы тісінде, Адамның уы... (тілінде).<br>15. Ең ащы да тіл, ең... (тәтті де тіл).<br>16. Өнер алды -... (қызыл тіл).<br>17. Айтылған сөз -... (атылған оқ).<br>18. Жылы - жылы сөйлесең, жылан... (інінен шығады).<br>19. Басқа пәле -... (тілден).<br>20. Білім кілті -... (тіл). 21. Тілге құрмет -... (елге құрмет). | Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлерін анықтайды<br><br>Сөз тәркестерін тауып, байланысу түрлерін табады.<br><br>Мақал-мәтелдерді жалғастырып, ондағы сөз тіркестерін тауып, сөздердің байланысу түрлерін көрсетеді.<br>*Қазақ тілінің қолдану аясы кеңейеді.* | Білім алушы:<br>-сөз тіркестерін табады;<br>- сөздердің байланысу түрлерін ажыратады;<br>- мақал-мәтелдердің жалғаасын табады. | Үлестірмелі кеспелер, тапсырмалар |
| Сабақтың соңы<br>Ой толғаныс.<br>Рефлексия | Мұғалім сабақты қорытындылау мақсатында оқушылардың сабаққа деген көзқарасын, рефлексиясын тыңдайды. | Жеке жұмыс:<br>Оқушылар бір ауыз сөзбен сабақ туралы өз ойларын түсіндіріп береді. | Мұғалім оқушылардың сабаққа қатысқан белсенілігіне қарай ынталандыру үшін *«Қошеметтеу»* *әдісі* арқылы бағалайды. | |

Scanned with CamScanner